

FTAX3 06.52.17

ӘОЖ 338.48

JEL I32

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2025-1-1-239-250>

ХАМИТОВА Д.М.,¹

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: dariga1979@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2903-9908

ЕЛЕУСИНОВА А.У.,²

Э.ғ.м., аға оқытушы.

e-mail: yeleussinova.a@uib.kz

ORCID ID: 0009-0003-3634-3013

КАДЫРБЕКОВА Д.С.,³

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

ҚАЛИЯСҚАРОВА Б.Ә.,^{*4}

Э.ғ.м., аға оқытушы.

*e-mail: kaliaskarova.b@bk.ru

ORCID ID: 0000- 0003-4745-9495

¹Қазақ ұлттық хореография академиясы,

Астана қ., Қазақстан

²К. Сағадиев атындағы Халықаралық

Бизнес университеті,

Алматы қ., Қазақстан

³Қазақ спорт және туризм академиясы,

Алматы қ., Қазақстан

⁴Нархоз университеті,

Алматы қ., Қазақстан

АЙМАҚТАРДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАРЫ (Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары мысалында)

Андатпа

Мақаланың мақсаты аймақтардағы халықаралық туризмнің даму тенденциялары мен әсер етуші факторларын анықтау мақсатында корреляциялық-регрессиялық талдау жасау негізінде тәуелді айнымалылардың басқа айнымалылармен байланысын анықталды, негізгі капиталға салынған инвестиция қайтарымы есептеліп, корреляциялық-регрессиялық талдау жасау нәтижелері арқылы қорытынды тұжырымдар жасалды. Зерттеу барысында әлемдік туризм көшбасшысы БҰҰ туризмге мамандандырылған мекемесі UN Tourism ақпараттарына және туризм саласына қарқынды дамуына қызығушылық танытып отырған әлем ғалымдарының зерттеу жұмыстарына талдау жасалды. Туризмнің мультипликативті және синергетикалық әсері, елдің экономикалық дамуына қол жеткізу, сондай-ақ ішкі ресурстарды тиімді пайдалану арқылы өңірлердегі халықаралық туризмнің даму тенденциялары мен әсер ету факторларын анықтауда мақаланың өзектілігін ашады. Мақаланы талдауда зерттеу әдістерін қолдану арқылы корреляциялық-регрессиялық талдау, динамикалық модельді құру нәтижелеріне қол жеткізуде Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары бойынша көрсеткіштер үшін корреляциялық матрица қолданылды, корреляциялық және регрессиялық талдауды пайдалана отырып, тәуелді айнымалылармен тығыз статистикалық маңызды байланысы бар факторлар анықталды. Мақаламызды қорытындылай отырып, авторлар келесідей тұжырымдама жасайды. Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары бойынша нәтижелік сипаттама мен факторлық сипаттамалар арасында бір мезгілде тығыз байланысының бар болуы, алынған регрессия теңдеуі тұтастай және регрессия коэффициенттері сәйкес маңыздылық деңгейлерінде статистикалық маңызды және сенімді екендігіне қол жеткіздік. Салынған инвестиция қайтарымына байланысты және көп сызықты регрессия теңдеуінің алынған параметрлерін талдау негізінде авторлар келесідей тұжырымдайды, яғни жан басына шаққандағы ЖӨӨ 1 мың теңгеге өскен кезде туристерді орналастырудағы нөмірлердің санының өсуі және орналастыру

орындарындағы нөмірлер саны 1 бірлікке ұлғайған кезде туристерді орналастыру орындарымен байланысты көрсетілген қызметтер санының артуына әкелетінін пайымдайды.

Тірек сөздер: туризм, аймақтар, даму, модель, матрица, корреляция, регрессия, инвестиция.

Кіріспе

Жаһандану уақытында туризм саласы миллиондаған халықтың немесе мемлекеттердің табыс көзіне айналып отыр. Туризмді дамытуға әлеуеті бар елдер, өз аймақтарындағы табиғи, тарихи, мәдени ресурстарын пайдаланып, экономикалық өсуге қол жеткізуде. Осы мақсатта Қазақстан да даму траекториясын туризм бағытына бұрып, қарқынды жұмыстары басталып кетті. Туризмнің алғашқы Заңнамасы 1992 ж., 1993 ж. UNWTO мүшесі, 2001 ж. «ҚР-сының туристік қызмет туралы» Заңы, ҚР-сының туризм саласын дамытудың 2001–2005, 2007–2011, 2019–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалар бекітілді. 2020 ж. Түркістан қаласында Хазірет Сұлтан халықаралық әуежайы және осы жылы туристер ағынын, яғни көші-қонды бақылауда «eQonaq» ақпараттық жүйесі іске қосылды. 2021 ж. Түркістанда «Керуенсарай» туристік кешені ашылды [1].

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» заңына сәйкес, «туризм» – тұрақты тұратын жерін ауыстырумен еш байланысты емес уақытпен бекітілген сыртқы сапары.

«Турист» – жеке тұлғаның түрлі себептерге байланысты демалыс, білім алу, әскерлік, діни, спорт және басқа да мақсаттармен 24 сағат пен 1 жылға дейінгі уақытша сыртқа шығуы [2].

2024 жылғы Қазақстан республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Халыққа «Әділ мемлекет. Бір халық. Гүлденген қоғам» Жолдауында «Азамат-бизнес-мемлекет» үштігінің тығыз қарым-қатынасы туралы атап өтті. Инвестицияны ішкі нарыққа тарту, туризм саласын дамытудың бірден-бір жолын, соның ішінде Жолдаудың алтыншы бағытында кәсіпкерлікті жүйелі түрде қолдау мәселесі терең көтерілді [3].

Туризмді дамыту мәселелеріне арналған 2024 жылғы отырысында мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев, «туризм» әлемдік экономиканың серпінді дамуының катализаторы қызметін атқаратын туризм саласы инвесторлардың ең тартымды сферасы болып отырғаны айтылды. Қазір туризм саласы әлемдік өнімдегі туризмнің үлесі 9 пайызын, әлем бойынша жұмыс орындарының 10 пайызын, әрбір төртінші жаңа жұмыс орны осы салада және әлемдік экспорттың 30 пайызы, ал инвестицияның 7 пайызын, бюджетке түсетін салықтың 5 пайызын туризм саласы қамтып отыр [4].

Түркістан қаласында 2020 ж. Халықаралық туризм және меймандостық университеті ҚР-сының туристік саласын дамытудың 2019–2025 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасында бекітіліп, 2024 ж. осы профильдік университеттің 460 алғашқы түлектері оқуын аяқтады [5].

Сонымен қатар, халықаралық туризмді дамыту мақсатында 2024 жылғы 8–14 қыркүйек аралығында Астанада бесінші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Бұл мәдени-спорттық шараға жүзден астам елден 4000-ға жуық қатысушы ниет білдірді [6].

Сонымен, аймақтардағы халықаралық туризмнің даму тенденциялары мен әсер етуші факторларын анықтау негізінде туризм сферасының дамуы түрлі аймақтарға серпіліс беріп, синергиялық және инвестициялық мультипликативті әсері негізінде мемлекеттің қарқынды дамуына әсер етуші сала ретінде мақаланың өзектілігін ашты. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуде келесі міндеттер қойылды:

1. Отандық, шетел ғалымдарының ғылыми зерттеу жұмыстарына талдау жасау арқылы «туризм», «турист» ұғымдарына авторлық анықтама беру.

2. Аймақтардың негізгі капиталына салынған инвестиция қайтарымын есептеуде артта қалуы бар динамикалық моделін қарастыру.

3. Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары бойынша артта қалуы бар динамикалық моделі негізінде артта қалған динамикалық модельдің нәтижелерін анықтау.

4. Аталған аймақтар бойынша корреляциялық-регрессиялық талдау жасау арқылы тәуелді айнымалылардың басқа айнымалылармен байланысын білу.

5. Корреляциялық-регрессиялық талдау жасау нәтижесі арқылы қорытынды тұжырымдар жасау.

Туризм саласына әлем ғалымдары қызығушылық танытып, әлем бойынша жан-жақты талдауда. Өйткені осы сала үлкен индустрияға айналып отыр. Төменде әлем ғалымдарының бірнеше зерттеулеріне шолу жасалады.

Ресей ғалымы А.К. Нижникованың мақаласында COVID-19 пандемиясының тұрақты туризмнің экономикалық, әлеуметтік-мәдени және экологиялық аспектілеріне әсері қарастырылады және туризм индустриясын қалпына келтіру үшін тұрақты даму принциптерін қолданудың маңыздылығы негізделеді [7].

Катар университетінің ғалымдары Nelson Oly Ndubisi, Sumesh Nair ғалымдарының зерттеу жұмысында негізгі межелі ресурстардың, атап айтқанда табиғи мұра және жасалған ресурстардың межелі жердің имиджіне әсері, сондай-ақ тұтынушы құнының және межелі жерге қанағаттанудың модераторлық әсерлері қарастырылады. Катарға келген халықаралық туристер зерттеу деректеріне сәйкес, алынған нәтижелер табиғи мен мұра ресурстарының тағайындалған жердің кескінімен айтарлықтай байланыстылығын пайымдайды [8].

Бруней-Даруссалама Университетінің ғалымдары 1995–2017 жж. 143 елдің экономикасы бойынша деректер жинағын пайдалану арқылы халықаралық туризм мен экономикалық өсу арасындағы байланысқа әлеуметтік жаһанданудың тежеуші әсерін зерттейді. Әлеуметтік жаһандану кең мағынада идеялар мен білім ағынына ықпал етуін, мәдениеттер мен нанымдардың алмасуын, ес, әлеуметтік жаһандану халықаралық туризмнің күшеюі арқылы экономикалық өсуге тікелей және жанама әсер етуші факторларын талдайды [9].

Вьетнам Ұлттық университетінің ғалымдары Дуйен Тхи, Ван К. Тран и Дат Т. Нгуен FMOLS, DOLS, GMMS бағалаушысы арқылы 1990–2019 жж. 53 елдегі жаңартылатын энергияны пайдалану, сауданың ашықтығы, жаһандық туризм және инновацияның көміртегі шығарындыларына әсерін, оның қоршаған ортаға, кері әсерін зерттейді [10].

Отандық зерттеушілер А. Тлеубердинова, Д. Салауатованың мақаласында туристік ішкі және сыртқы факторларды, соның ішінде жаңа туристік бағыттар үшін қолайлы сандық және сапалық әдістерді ескере отырып, туризмнің бәсекеге қабілеттілік индекстерін әзірледі [11].

Әлемдік зерттеушілердің жұмыстарын қорытындылай отырып, авторлар «турист», «туризм», ұғымдарына келесідей анықтама береді. «Турист» – өз елінен сыртқа басқа мемлекетке демалу, спортпен шұғылдану, басқа елдің мәдениетімен танысу сияқты мақсаттармен уақытша шығуы. «Туризм» – азаматтың белгілі бір уақытта (24 сағат немесе 12 ай) шетелде болуы, оның негізі мақсаты жұмыс жасау емес, ақша қаражатын жұмсау негізінде рухани демалу.

Материалдар мен әдістер

Әлемдік туризм көшбасшысы БҰҰ-ның туризмге мамандандырылған мекемесі (UN Tourism) әлем халықтарының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде маңызды қызмет атқаруда. Әрине, әлемдік туризм көшбасшысының негізгі мақсаттары халықтың тұрмысын арттыру, қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттерді экономикалық өсуге және инновацияларға ынталандыру мен гармонияны нығайту, туризмнің тұрақты дамуын жетілдету мен сапалы білімге қол жеткізу. БҰҰ-ның 2030 жылдарға бағытталған Тұрақты даму күн тәртібі 17 жаһандық мақсаттарға негізделген және 2024 жылдан бастап жаңа брендпен (UN Tourism) өз қызметін бастап кетті [12].

Халықаралық туризм барометрінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 2024 ж. бірінші үш айында халықаралық туристік келушілердің саны 2019 жылғы уақытпен салыстырғандағы мөлшердің 97 пайызға және 28 млн туристке жетті, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 19 пайызға өскен.

Халықаралық туризмнен түскен табыс көлемі 2023 ж. 1,5 трлн долларға және 2019 жылмен салыстырғанда минус 2 пайызға теңесті. Сонымен қатар, халықаралық туризмнің ЖІӨ-гі үлесі, 2023 ж. әлемдік ЖІӨ 3 пайызға артып, 3,3 трлн долларды құрады [13].

Әлемдік туризмді қолдау мақсатында туризм көшбасшысы UN Tourism туризм трекерін немесе туристік бақылау тақтасын қолданысқа шығарды.

Аталған ақпараттық туризм панелі аймақтар, субаймақтар, бүкіл әлем және секторлар бойынша жаңа туристік бағыттармен тегін, қолжетімді түрде, толық мәліметтермен танысуға және оларды салыстыруға мүмкіндік береді. UN Tourism-нің туризм бақылау тақтасы (трекер) 1-суретте берілген [14].

Туризм бақылау тақтасы (трекер) келесідей деректерді қамтиды:		
халықаралық туристік келулер; халықаралық және ішкі авиакомпаниялардағы отырғызу орындарының сыйымдылығы; әуе билеттерін брондау	қонақүйлерді іздеу және брондау; толтыру және қысқа мерзімді жалға алуға сұраныс	Саяхатқа қатысты көңіл-күй (таза көңіл-күй индексі); 100 000 тұрғынға шаққанда 14 күндік COVID-19 ауруының көрсеткіші

Сурет 1 – БҰҰ-ң туризм бақылау тақтасы (трекер)

Ескертпе: Авторлармен [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

БҰҰ-ның туризм бақылау тақтасының тегін, барлығына қол жетімді болуы Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымы (ИКАО), ForwardKeys, STR, Sojern, TCI Research және AIRDNA сияқты серіктестер тобының бірлескен қызметтерінің нәтижесінде жүзеге асуда [12].

Мақаланы зерттеу барысында бірнеше ғылыми зерттеу әдістері қолданылды. Динамикалық модельді құру нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ҚР-сының статистикалық Агенттігінің соңғы 10 жылдық деректері (2013–2023 жж.), корреляциялық талдауда. Статика компьютерлік бағдарламасы, Алматы және ШҚО-сы облыстары бойынша корреляциялық матрица есептеулері үшін 8 түрлі көрсеткіштер деректері қолданылды. Берілген көрсеткіштер арасындағы тәуелділікті талдау мақсатында корреляциялық матрица ұсынылды.

Аймақтардың экономикалық өсуге қол жеткізуі мақсатында инвестициялар тартылады, бірақ салынған қаржының экономикаға әсерін бірден алу күмәнді, яғни мультипликатор әсеріне біршама уақыт қажет. Қаржының қайтарымын білудегі байланысты анықтау мақсатында бөлінген артта қалуы бар динамикалық модельді қолданып, артта қалу мөлшерін 3-ке тең деп есептеді:

$$y_t = \alpha + \beta_0 x_t + \beta_1 x_{t-1} + \beta_2 \delta_{t-2} + \beta_3 x_{t-3}, \quad (1)$$

мұндағы:

у – туристерді орналастыру орындарымен байланысты көрсетілген қызметтер саны (млн теңге);

х – негізгі капиталға салынған инвестициялар (млн теңге).

Уақыт өте келе негізгі капиталға салынған инвестициялар өзгеретіні белгілі, бірақ олар әр элементке әртүрлі әсер етеді. Сондықтан да, бөлінген артта қалу модель инвестициялары мен негізгі капиталдың артуы арасындағы байланысты анықтайтын механизм болып отыр.

Модельдің параметрлерін бағалауда Алмон әдісін қолдана отырып, график түрінде артта қалу құрылымының көпмүшелік көрінісін көрсетеді. 4-суретте артта қалған динамикалық модельдің нәтижелерін құру серпінін көре аламыз.

Нәтижелер мен талқылау

Туризмнің дамуы елдегі экономикалық өзгерістерді ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерді де тудырады, өйткені туризм тек өсуге ғана емес, сонымен қатар құрылымдық өзгерістерге де ұшырайды (2-сурет).

2-суретте микро-макроаймақтық туристік нарықтар құрылымында бірнеше аймақтар тізбектелген. Олар: Шығыс Азия және Тынық мұхит аймағы, Еуропа, Америка, Африка және Таяу Шығысқа және ұлттық туристік нарықтарға (жеке мемлекеттерге) бөлінген.



Сурет 2 – Аймақтық туристік нарықтар құрылымы


Ескертпе: Авторлармен [15, 16] дереккөздер негізінде құрастырылған.

Кесте 1 – Негізгі капиталға инвестициялау көрсеткіштері мен туристерді орналастырудағы нөмірлердің саны, 2013–2023 жж.

Жыл	Алматы облысы		Шығыс Қазақстан облысы	
	негізгі капиталға инвестициялау млн тг	туристерді орналастырудағы нөмірлердің саны, млн тг	негізгі капиталға инвестициялау, млн тг	туристерді орналастырудағы нөмірлердің саны, млн тг
2013	306606	1527,5	144670	1845,1
2014	72944	1300,3	241631	2259,1
2015	383786	966,0	266193	2613,8
2016	431363	1101,2	301167	2940,4
2017	453208	2244,2	345942	3677,7
2018	490618	3202,8	411931	3290,3
2019	528883	2779,4	436750	2877,9
2020	524217	5280,3	436106	3278,2
2021	578720	8783,2	49458	4889,1
2022	647330	8722,8	521914	4338,7
2023	680714	8321,1	714503	5307,7

Ескертпе: Авторлармен [17] дереккөз негізінде құрастырылған.

Статикалық мәліметтерге сүйене отырып, 2013–2023 жж. Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарындағы негізгі капиталға инвестициялау және туристерді орналастырудағы нөмірлердің саны серпіні әртүрлі. Әрине, оған ішкі және сыртқы жаһандық факторлардың әсері де бар.



Сурет 3 – Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының артта қалған динамикалық модельдің нәтижелерінің серпіні

Ескертпе: Авторлармен [17] дереккөз негізінде құрастырылған.

Аймақтар бойынша артта қалған моделі бойынша қысқа, аралық, ұзақ мерзімді мультипликаторлар, салыстырмалы көрсеткіштер мен орташа артта қалушылық есептелді. Қысқа уақыттағы мультипликатор факторлық көрсеткіштің артта қалған мәнін ескермей, ағымдағы кезеңдегі туристерді орналастырудағы нөмірлердің санының 1 млн теңгеге орташа абсолютті өзгерісін көрсетеді. Ал аралық көрсеткіштер 1–2 жылдан кейінгі факторлық айнымалының нәтижеге әсерін береді. Ұзақ мерзімді көрсеткіштер болса, 3 жылдағы туристерді орналастырудағы нөмірлердің санының 1 млн теңгеге абсолютті өзгерісін анықтайды. Жалпы, модельдің салыстырмалы көрсеткіштерінің туристерді орналастырудағы нөмірлердің санының жиынтық өзгерісі үлесін уақыт негізінде, яғни $t + j$, ($j = 1, 2, 3$) есептейді.

Кесте 2 – Бөлінген артта қалған динамикалық модельді құру нәтижелері

Көрсеткіштер		Шығыс Қазақстан облысы	Алматы облысы
Үлестірілген артта қалу моделінің көрсеткіштері		$y_t = 1002,049 - 0,001x_t - 0,005x_{t-1} + 0,0072\delta_{t-2} + 0,017x_{t-3} + \varepsilon_t$	$y_t = -1687,717 + 0,009x_t - 0,009x_{t-1} - 0,005\delta_{t-2} + 0,022x_{t-3} + \varepsilon_t$
Негізгі капиталға ағымдағы уақыт бойынша 1 млн теңгеге өсуі кезінде орналастырылған орындарымен байланысты қызметтер көлемінің өзгерісі	0,01722 млн теңгеге өсуі	0,01682 млн теңгеге өсуі	0,00120 млн теңгеге төмендеуі
	0,00309 млн теңгеге өсуі	0,01826 млн теңгеге өсуі	0,00667 млн теңгеге төмендеуі
	0,00994 млн теңгеге төмендеуі	0,01703 млн теңгеге өсуі	0,00594 млн теңгеге төмендеуі
	0,01059 млн теңгеге өсуі	0,02580 млн теңгеге өсуі	0,01144 млн теңгеге өсуі
Салыстырмалы коэффициенттер шамасы, %	ағымдағы уақыт	-10,46	56,27
	келесі жылы	-47,81	-56,70
	екі жылдан кейін	6,33	-31,48
	үш жылда кейін	151,94	131,92
Модельдің орташа артта қалуы		4,21	2,76
Ескертпе: Авторлар есептеулері негізінде құрастырылған.			

Арифметикалық орташа шамамен есептелген модельдің артта қалуы уақыттың өзгеруінен нәтиженің өзгеруіне әсер етуші орташа кезең t болып табылады. Осы арқылы артта қалу шамасы нәтижеге жылдам әсер ету арқылы көрінеді, нәтиженің жоғары мәні фактордың ұзақ әсерін білдіреді.

Алматы және Шығыс Қазақстан аймақтары бойынша корреляциялық матрица есептеулері үшін келесідей көрсеткіштердің түрлері алынады: 1) туристерді орналастыру орындарымен

байланысты көрсетілген қызметтер саны; 2) қонақүйлерді туристермен толтыру саны; 3) халықтың тұру мен тамақтану саласында жұмыспен қамту; 4) жалпы өңірлік өнім көлемі; 5) жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім көлемі; 6) атмосфераға шыққан қалдықтар көлемі; 7) қоршаған ортаны қорғау шығыстары; 8) туристерді орналастырудағы нөмірлердің саны.

Кесте 3 – Шығыс Қазақстан облысы бойынша көрсеткіштер үшін корреляциялық матрица

Көрсеткіштер	1	2	3	4	5	6	7	8
1	1,000	-0,051	0,535	0,975	0,982	-0,590	0,966	0,964
2	-0,051	1,000	-0,407	-0,159	-0,114	0,297	-0,029	-0,217
3	0,535	-0,407	1,000	0,606	0,625	-0,359	0,601	0,668
4	0,975	-0,159	0,606	1,000	0,996	-0,692	0,974	0,974
5	0,982	-0,114	0,625	0,996	1,000	-0,633	0,975	0,981
6	-0,590	0,297	-0,359	-0,692	-0,633	1,000	-0,640	-0,564
7	0,966	-0,029	0,601	0,974	0,975	-0,640	1,000	0,950
8	0,964	-0,217	0,668	0,974	0,981	-0,564	0,950	1,000

Ескертпе: Авторлар есептеулері негізінде құрастырылған.

Корреляциялық матрица есептеулері үшін 4-кестеде 8 түрлі көрсеткіштермен Алматы облысы қарастырылады.

Кесте 4 – Алматы облысы бойынша көрсеткіштер үшін корреляциялық матрица

Көрсеткіштер	1	2	3	4	5	6	7	8
1	1,000	0,385	0,707	0,910	0,910	-0,782	-0,235	0,989
2	0,385	1,000	0,579	0,431	0,411	-0,437	-0,083	0,392
3	0,707	0,579	1,000	0,863	0,880	-0,807	-0,065	0,744
4	0,910	0,431	0,863	1,000	0,992	-0,911	0,023	0,953
5	0,910	0,411	0,880	0,992	1,000	-0,872	-0,025	0,945
6	-0,782	-0,437	-0,807	-0,911	-0,872	1,000	-0,025	-0,833
7	-0,235	-0,083	-0,065	0,023	-0,025	-0,025	1,000	-0,121
8	0,989	0,392	0,744	0,953	0,945	-0,833	-0,121	1,000

Ескертпе: Авторлар есептеулері негізінде құрастырылған.

Корреляциялық және регрессиялық талдауды пайдалана отырып, тәуелді айнымалылармен тығыз статистикалық маңызды байланысы бар факторлар таңдалды. Деректерді жуықтау нәтижелері төменде Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары үшін 5–6 кестелерде берілген.

Кесте 5 – Алматы облысы үшін орналастыру орындарымен көрсетілген туристік қызметтер көлемінің теңдеуін бағалау нәтижелері

R	0,992
R ²	0,983
Түзетілген R ²	0,978
Бақыланатын мәні – Фишер критерийімен	203,697
Маңызды мәні – Фишер критерийімен	4,737 ($\alpha = 0,05$, $k_1 = 2$, $k_2 = 7$)
Айнымалылар	

5-кестенің жалғасы

Орналастыру орындарымен көрсетілген туристік қызметтердің көлемі (мың теңге) – тәуелді айнымалы	
Тұрақты шама	-206493,547
	Регрессия коэффициенттері
Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (мың теңге)	2503,909*
Орналастыру орындарындағы нөмірлер санымен (бірлік)	1373,807***
* $p < 0.1$; ** $p < 0.01$	
Ескертпе: Авторлар есептеулері негізінде құрастырылған.	

6-кестеде Шығыс Қазақстан облысы үшін орналастыру орындарымен көрсетілген туристік қызметтер көлемінің теңдеуін бағалау нәтижелері беріледі.

Кесте 6 – Шығыс Қазақстан облысы үшін орналастыру орындарымен көрсетілген туристік қызметтер көлемінің теңдеуін бағалау нәтижелері

R	0,982
R ²	0,965
Түзетілген R ²	0,955
Бақыланатын мәні – Фишер критерийімен	97,136
Маңызды мәні – Фишер критерийімен	4,737 ($\alpha = 0,05$, $k_1 = 2$, $k_2 = 7$)
Айнымалылар	
Орналастыру орындарымен көрсетілген туристік қызметтердің көлемі (мың теңге) – тәуелді айнымалы	
Тұрақты шама	-288231,218
	Регрессия коэффициенттері
Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (мың теңге)	2203,460*
Орналастыру орындарындағы нөмірлер санымен (бірлік)	4,848***
* $p < 0,1$; ** $p < 0,05$; *** $p < 0,01$	
Ескертпе: Авторлар есептеулері негізінде құрастырылған.	

Қорытынды

Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары бойынша зерттеу нәтижелеріне сәйкес келесідей қорытынды жасалады:

Алматы облысы бойынша нәтижелік сипаттама мен факторлық сипаттамалар арасында бір мезгілде тығыз байланыстың болуы байқалады. Алынған регрессия теңдеуі тұтастай және регрессия коэффициенттері сәйкес маңыздылық деңгейлерінде статистикалық маңызды және сенімді болып табылады.

Көп сызықты регрессия теңдеуінің алынған параметрлерінен талдау келесідей қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді:

1) жан басына шаққандағы ЖӨӨ 1 мың теңгеге өскен кезде орналастыру орындары көрсететін туристік қызметтердің көлемі 2503,909 мың теңгеге өседі;

2) орналастыру орындарындағы нөмірлер саны 1 бірлікке ұлғайған кезде орналастыру орындары көрсететін туристік қызметтердің көлемі 1373,807 мың теңгеге артады.

Шығыс Қазақстан облысы үшін зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сәйкес, бірнеше корреляция коэффициенті бір уақытта алынған сипаттама мен факторлық сипаттамалар арасындағы тығыз байланыс бар, ал түзетілген детерминация коэффициенті тәуелді айнымалыдағы вариацияның 95,5% нәтижелі регрессиямен түсіндірілетінін көрсетіп отыр.

Жалпы регрессия теңдеуі және регрессия коэффициенттері тиісті маңыздылық деңгейінде статистикалық маңызды және сенімді болып табылады.

Нәтижесінде, көп сызықты регрессия теңдеуінің алынған параметрлерін талдау келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді:

1) жан басына шаққандағы ЖӨӨ 1 мың теңгеге өскен кезде орналастыру орындары көрсететін туристік қызметтердің көлемі 2203,406 мың теңгеге өседі;

2) орналастыру орындарындағы нөмірлер саны 1 бірлікке ұлғайған кезде орналастыру орындары көрсететін туристік қызметтердің көлемі 4 848 мың теңгеге артады.

Мақаланы зерттеу нәтижесінде, авторлар келесідей қорытындыға келеді:

♦ А. Смиттің артықшылықтар теориясына сәйкес, мемлекеттердің ішкі потенциалын пайдалану экономикалық өсуге бағыттайды. Осыған орай, республикамыздың аймақтарындағы ішкі потенциалды пайдалану, соның ішінде табиғи, тарихи және мәдени потенциалдары арқылы туризм саласын дамытуға бағыттау жолы маңызды;

♦ инвесторларды ішкі нарыққа тарту арқылы туризм саласындағы мультипликативтік әсерге қол жеткізу, яғни әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өсуіне, жалпы ұлттық табыстың, ұлттық қордың артуына әкелуі;

♦ сонымен қатар, туризм саласы дамуының синергиялық әсері басқа секторлардың жандануына әкелетіні белгілі, яғни «табыс-шығыс» айналымы негізінде «ағындар мен қорлар» принципі аясында айналым қарқынының артуы;

♦ рекреациялық аймақтардың жанжануы арқылы халықтың табыс көзі, әл-ауқатының өсуі және қосымша жұмыс орындардың ашылуы сөзсіз;

♦ экономиканың әртараптануға ұмтылуы, еліміздің басты стратегиялық бағыттарының бірі, сондықтан туризм саласының қарқынды дамуына ұлттық бағдарламалар негізінде жүзеге асырылуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Kazakh Tourism» АҚ Ұлттық компаниясы. URL: <https://special.nur.kz/kazakh-tourism-2021> (өтініш берілген күні: 29.08.2024)

2 Қазақстан Республикасының 2001 жылғы «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000211> (өтініш берілген күні: 20.09.2024)

3 ҚР Президентінің Халыққа Жолдауы. 2024. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaev-a-narodu-kazahstana-181130> (өтініш берілген күні: 29.09.2024)

4 Глава государства провел совещание по развитию туризма. 13 июня, 2024. URL: <https://akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-provel-soveshchanie-po-razvitiyu-turizma-1352435> (дата обращения: 28.09.2024)

5 Түркістан қаласындағы бейінді университет. 11.06.2024. Халықаралық туризм және меймандостық университеті сайтынан. Университет туралы. 2024. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/media/details/52157?directionId=> (өтініш берілген күні: 18.08.2024)

6 5-е Всемирные игры кочевников. – Астана, 2024. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-ottawa/press/events/details/27825?lang=ru> (дата обращения: 10.09.2024)

7 Нижникова А.К. Влияние пандемии COVID-19 на международный туризм в контексте устойчивого развития // Вестник Псковского государственного университета. Серия: Естественные и физико-математические науки. – 2022. – Т. 15. – № 4. – С. 66–77.

8 Ndubisi N., Nair S. International tourism: Inimitable vs imitable core tourism resources and destination image // Journal of Destination Marketing & Management. 2023. Vol. 27. P. 100756. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2212571X22000683>

9 Haini H., Wei L. Does Social Globalization Affect the Relationship Between International Tourism and Economic Growth? Journal of Travel Research. 2024. No. 63(1). P. 252–269. URL: <https://doi.org/10.1177/00472875221146779>

10 Thi D., Tran V., Nguyen D. The relationship between renewable energy consumption, international tourism, trade openness, innovation and carbon dioxide emissions: international evidence // International Journal of Sustainable Energy. 2023. No. 42(1). P. 397–416. URL: <https://doi.org/10.1080/14786451.2023.2192827>

11 Tleuberdinova A., Salauatova D., Pratt S. Assessing tourism destination competitiveness: the case of Kazakhstan // Journal of Policy Research in Tourism. Leisure and Events. 2022. No. 16(2). P. 265–283. URL: <https://doi.org/10.1080/19407963.2022.2027954>

12 UNWTO Becomes “UN Tourism” to Mark A New Era for Global Sector. 23.01.2024. URL: <https://www.unwto.org/news/unwto-becomes-un-tourism-to-mark-a-new-era-for-global-sector> (accessed: 16.09.2024)

- 13 World Tourism Barometer and statistical annex. May 2024. URL: <https://www.e-unwto.org/doi/pdf/10.18111/wtobarometeresp.2024.22.1.2> (accessed: 29.09.2024)
- 14 UN Tourism Tracer. URL: <https://www.unwto.org/tourism-data/un-tourism-tracker> (accessed: 27.09.2024)
- 15 Ranieri R., Ramos R.A. After All, What is Inclusive Growth? // International Policy Centre for Inclusive Growth (IP C-IG). Originally published as IP C-IG's. 2013. P. 188.
- 16 Яброва О.А. Проблемно-ориентированное развитие туристско-рекреационных комплексов в регионах РФ: методология и практика управления / автореф. диссертации. док.экон.наук.: 08.00.05. – Белгород, 2016.
- 17 ҚР статистикалық агенттігі. URL: <http://www.stat.gov.kz> (өтініш берілген күні: 21.09.2023)

REFERENCES

- 1 «Kazakh Tourism» AQ Ұлттық kompaniasy. URL: <https://special.nur.kz/kazakh-tourism-2021> (өтініш берілген күні: 29.08.2024). (In Kazakh).
- 2 Qazaqstan Respublikasynyñ 2001 jylǵy «Qazaqstan Respublikasyndaǵy turistik qyzmet turaly» zańy. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000211> (өтініш берілген күні: 20.09.2024). (In Kazakh).
- 3 QR Prezidentiniñ Halyqqa Joldaýy. 2024. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstvakasym-zhomarta-tokaev-a-narodu-kazahstana-181130> (өтініш берілген күні: 29.09.2024). (In Kazakh).
- 4 Glava gosudarstva provel soveshhanie po razvitiju turizma. 13 ijunya, 2024. URL: <https://akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-provel-soveshchanie-po-razvitiyu-turizma-1352435> (data obrashheniya: 28.09.2024). (In Russian).
- 5 Türkıstan qalasyndaǵy beıındı universitet. 11.06.2024. Halyqaralyq turizm jáne meımandostyq universiteti saıtynan. Universitet turaly. 2024. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/media/details/52157?directionId=> (өтініш берілген күні: 18.08.2024). (In Kazakh).
- 6 5-e Vsemirnye igry kochevnikov. Astana, 2024. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-ottawa/press/events/details/27825?lang=ru> (data obrashheniya: 10.09.2024). (In Russian).
- 7 Nizhnikova A.K. (2022) Vliyanie pandemii COVID-19 na mezhdunarodnyj turizm v kontekste ustojchivogo razvitiya // Vestnik Pskovskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Estestvennye i fiziko-matematicheskie nauki. V. 15. No. 4. P. 66–77. (In Russian).
- 8 Ndubisi N., Nair S. (2023) International tourism: Inimitable vs imitable core tourism resources and destination image // Journal of Destination Marketing & Management. Vol. 27. P. 100756. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2212571X22000683>. (In English).
- 9 Haini H., Wei L. (2024) Does Social Globalization Affect the Relationship Between International Tourism and Economic Growth? Journal of Travel Research. No. 63(1). P. 252–269. URL: <https://doi.org/10.1177/00472875221146779>. (In English).
- 10 Thi D., Tran V., Nguyen D. (2023) The relationship between renewable energy consumption, international tourism, trade openness, innovation and carbon dioxide emissions: international evidence // International Journal of Sustainable Energy. No. 42(1). P. 397–416. URL: <https://doi.org/10.1080/14786451.2023.2192827>. (In English).
- 11 Tleuberdinova A., Salauatova D., Pratt S. (2022) Assessing tourism destination competitiveness: the case of Kazakhstan // Journal of Policy Research in Tourism. Leisure and Events. No. 16(2). P. 265–283. URL: <https://doi.org/10.1080/19407963.2022.2027954>. (In English).
- 12 UNWTO Becomes “UN Tourism” to Mark A New Era for Global Sector. 23.01.2024. URL: <https://www.unwto.org/news/unwto-becomes-un-tourism-to-mark-a-new-era-for-global-sector> (accessed: 16.09.2024). (In English).
- 13 World Tourism Barometer and statistical annex. May 2024. URL: <https://www.e-unwto.org/doi/pdf/10.18111/wtobarometeresp.2024.22.1.2> (accessed: 29.09.2024). (In English).
- 14 UN Tourism Tracer. URL: <https://www.unwto.org/tourism-data/un-tourism-tracker> (accessed: 27.09.2024). (In English).
- 15 Ranieri R., Ramos R.A. (2013) After All, What is Inclusive Growth? // International Policy Centre for Inclusive Growth (IP C-IG). Originally published as IP C-IG's. P. 188. (In English).
- 16 Jabrova O.A. (2016) Problemno-orientirovannoe razvitie turistsko-rekreacionnyh kompleksov v regionah RF: metodologiya i praktika upravleniya / avtoref. dissertacii. dok.jekon.nauk.: 08.00.05. Belgorod. (In Russian).
- 17 QR statistikalıyq agenttıǵı. URL: <http://www.stat.gov.kz> (ötinis berilgen künü: 21.09.2023). (In Kazakh).

ХАМИТОВА Д.М.,¹

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: dariga1979@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2903-9908

ЕЛЕУСИНОВА А.У.,²

м.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: yeleussinova.a@uib.kz

ORCID ID: 0009-0003-3634-3013

КАДЫРБЕКОВА Д.С.,³

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

КАЛИЯСКАРОВА Б.А.,^{*4}

м.э.н., ст. преподаватель.

*e-mail: kaliaskarova.b@bk.ru

ORCID ID: 0000-0000-0003-4745-9495

¹Казахская национальная

академия хореографии,

г. Астана, Казахстан

²Университет международного

бизнеса им. К. Сагадиева,

г. Алматы, Казахстан

³Казахская академия спорта и туризма,

г. Алматы, Казахстан

⁴Университет Нархоз,

г. Алматы, Казахстан

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ И ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТУРИЗМ В РЕГИОНАХ (на примере Алматинской и Восточно-Казахстанской областей)

Аннотация

Цель статьи – определить тенденции развития и факторы влияния международного туризма в регионах, на основе корреляционно-регрессионного анализа определена связь зависимых переменных с другими переменными, рассчитана рентабельность инвестиций в основной капитал и сделаны выводы по результатам корреляционно-регрессионного анализа. В ходе исследования были проанализированы данные UN Tourism, мирового лидера в сфере туризма, также исследовательские работы мировых ученых, заинтересованных в стремительном развитии туристической отрасли. Определение тенденций развития и факторов влияния международного туризма в регионах через мультипликативный и синергетический эффект туризма, достижение экономического развития страны, также эффективное использование внутренних ресурсов раскрывают актуальность статьи. При анализе статьи были применены методы исследования в достижении результатов корреляционно-регрессионного анализа, построения динамической модели, применена корреляционная матрица для показателей по Алматинской и Восточно-Казахстанской областям, с использованием корреляционного и регрессионного анализа выявлены факторы, имеющие тесную статистически значимую связь с зависимыми переменными. Подводя итоги, авторы пришли к следующему: по Алматинской и Восточно-Казахстанской областям достигнуты статистически значимые и достоверные связи между результативной характеристикой и факторными характеристиками одновременно. Исходя из окупаемости инвестиций и анализа полученных параметров уравнения многолинейной регрессии, авторы полагают, что увеличение количества номеров в размещении туристов при росте ВРП на душу населения на 1 тыс. тенге и увеличение количества номеров в местах размещения на 1 единицу приведет к увеличению количества оказанных услуг, связанных с местами размещения туристов.

Ключевые слова: туризм, регионы, развитие, модель, матрица, корреляция, регрессия, инвестиция.

KHAMITOVA D.M.,¹

c.e.s., associate professor.

e-mail: dariga1979@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2903-9908

YELEUSSINOVA A.U.,²

m.e.s., senior lecturer.

e-mail: yeleussinova.a@uib.kz

ORCID ID: 0009-0003-3634-3013

KADYRBEKOVA D.S.,³

PhD, associate professor.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

KALIYASKAROVA B.A.,^{*4}

m.e.s., senior lecturer

*e-mail: kaliaskarova.b@bk.ru

ORCID ID: 0000-0000-0003-4745-9495

¹Kazakh National Academy

of Choreography,

Astana, Kazakhstan

²University of International

Business after K. Sagadiev,

Almaty, Kazakhstan

³Kazakh academy of Sports and Tourism,

Almaty, Kazakhstan

⁴Narxoz university,

Almaty, Kazakhstan

DEVELOPMENT TRENDS AND FACTORS INFLUENCING INTERNATIONAL TOURISM IN REGIONS (based on Almaty and East Kazakhstan regions)

Abstract

The purpose of the article is to determine the development trends and factors of influence of international tourism in the regions, on the basis of correlation and regression analysis, the relationship of dependent variables with other variables is determined, the return on investment in fixed assets is calculated and conclusions are drawn based on the results of correlation and regression analysis. The study analyzed data from UN Tourism, the world leader in the field of tourism, as well as research works by world scientists interested in the rapid development of the tourism industry. The identification of development trends and factors of influence of international tourism in the regions through the multiplicative and synergetic effect of tourism, the achievement of economic development of the country, as well as the effective use of internal resources reveal the relevance of the article. In analyzing the article, the following research methods were used to achieve the results of correlation and regression analysis, to build a dynamic model, a correlation matrix was applied for indicators for the Almaty and East Kazakhstan regions, using correlation and regression analysis, factors with a close statistically significant relationship with dependent variables were identified. Summing up, the authors came to the following conclusion: in the Almaty and East Kazakhstan regions, we achieved a statistically significant and reliable relationship between the performance characteristic and factor characteristics at the same time, the obtained regression equation as a whole and regression coefficients at the appropriate levels of significance. Based on the return on investment and analysis of the obtained parameters of the equation of multilinear regression, the authors believe that an increase in the number of rooms in tourist accommodation at the growth of GRP per capita by 1 thousand tenge and an increase in the number of rooms in accommodation facilities by 1 unit will lead to an increase in the number of services provided related to tourist accommodation facilities.

Key words: tourism, regions, development, model, matrix, correlation, regression, investment.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 01.01.2025